



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жаңа цифрлық шешім

Келер жылы елімізде дәрі-дәрмекті қадағалау бойынша ақпараттық жүйе мен балабақшаға кезекке тіркеудің Бірыңғай деректер базасы іске қосылады. Үкіметте өткен кеңесте Премьер-министр Әлихан Смайыловқа тиісті цифрлық шешім-

деп атап өтті Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова.

Қазір жоба қанатқақты режимде жүзеге асырылып келеді. Қадағалау жүйесін 2024 жылдың шілдесінен бастап енгізу жоспарланған. Премьер-министр плат-



дер таныстырылды.

Дәрілік заттарды қадағалау жүйесі бірнеше мәселені бірден шешуге ықпал етеді. Атап айтқанда, медициналық ұйымдарда дәрілік заттарды қайта жазу және өтірік есептен шығару мүмкіндігін жойып, дәрілік заттардың бөлшек саудадағы бағасына, қалдықтарына және жарамдылық мерзімдеріне мониторинг жүргізеді.

Толық қадағалау мақсатында әр қорапқа екі өлшемді бірегей «Data Matrix» коды қолданылады. Нәтижесінде, республикадағы дәрілік заттардың толық айналымын өндірілген сәттен бастап қолданысқа дейін онлайн бақылауға мүмкіндік туады.

«Жүйе дәрілік заттардың көлеңкелі саудасын едәуір төмендетеді және оларды орталықтандырылған сатып алуды тиімді жоспарлауға көмектеседі. Жалпы, платформа дәрі-дәрмек қорын таблетка санына дейін қадағалауға болады», деді Денсаулық сақтау вице-министрі Бейбіт Есенбаев.

Сондай-ақ ашықтықты арттыру арқылы ықтимал контрафактілік өнімдерді анықтауға, сондай-ақ дәрілік заттардың бекітілген бөлшек сауда бағаларын бақылауға мүмкіндік туатыны атап өтілді.

«Жаңа жүйе ел тұрғындарын контрафактілік өнімдерден қорғайды. Тұтынушы сатып алған дәрі-дәрмектің заңды екеніне және олардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз екеніне еш күмәнданбауына болады»,

форманың барынша тиімді болуы және ауруханалар, емханалар, ауылдық денсаулық сақтау мекемелері мен дәріханаларда қолдануға ыңғайлы болуы үшін оның барлық функционалдығын ержей-тегжей пысықтауды тапсырды.

Бұдан бөлек, Үкімет басшысына балабақшаларға кезекке тіркеудің Бірыңғай деректер базасы таныстырылды. Ата-аналарға ыңғайлы болу үшін және мектепке дейінгі ұйымдарда орындарды бөлудің толық ашықтығын қамтамасыз ету үшін жасалған.

Атап айтқанда, «Egov.kz» мемлекеттік порталы немесе екінші деңгейлі банктардың мобильді қосымшалары арқылы баланы кезекке қою үшін бірден 4 балабақшаға дейін таңдап, кейін онлайн режимде берілген өтініштің мәртебесін бақылауға болады. Мекемелердің бірінде орын бола қалған жағдайда дереу ата-анаға хабарланады. Жалпы, балабақша таңдаудан бастап, келісімшарт жасасуға дейінгі барлық рәсім электронды форматта өтеді.

Премьер-министр бұл жүйе мектепке дейінгі ұйымдардағы қосарланған кезекті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталуы керектігін атап өтті.

Аталған цифрлық шешім қазір қанатқақты режимде пысықталып жатыр. Бірыңғай деректер базасын іске қосу 2024 жылдың қаңтарына жоспарланған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қасым-Жомарт Тоқаев Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) жөніндегі Алматы декларациясының қабылданғанына 45 жыл және Астана декларациясына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылған жаһандық конференцияның пленарлық отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы конференция қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, денсаулық сақтау және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық жүйесін жетілдіру ісінде Алматы және Астана декларацияларының маңызы зор екенін атап өтті. «Осыдан 45 жыл бұрын медициналық-санитариялық алғашқы көмектің әлеуметтік тұрғыда әділетті моделіне негіз болған Алматы декларациясы қабылданды.



## Мемлекет басшысы COVID пандемиясын еңсеруге үлес қосқан дәрігерлерге алғыс айтты

Бұл декларация әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналып, көптеген елдің халық денсаулығын жақсарту үшін шара қабылдауына, оны адамның іргелі құқығы ретінде мойындауына түрткі болды. Алматы декларациясы біраз елде ана мен бала өлімінің деңгейін жүйелі түрде төмендету, болжамды өмір сүру жасын азарту үшін шешуші рөл атқарды. Бүгінде көптеген елде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жолға қойылған. Онда медициналық-санитариялық алғашқы

көмекке айрықша мән беріледі. Бұл бес жыл бұрын қол қойылған Астана декларациясында нақтыланады», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, МСАК жүйесі эпидемияның алғашқы белгілерін анықтау және тосын сын-қатерлерге қарсы әрекет ету ісінде маңызды рөл атқарады.

Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің орнықтылығын және туындаған жағдайға тез бейімделе алатынын көрсеткеніне назар аударды.

Сондай-ақ Президент адамзаттың COVID пандемиясын еңсеруіне үлес қосқаны үшін барлық медицина қызметкеріне алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, барлық ықтимал қауіп-қатерді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесі кез келген күрделі жағдайға әрдайым дайын болуы үшін оған қолдау көрсету керек. Ауру-сырқаудың белгілерін бастапқы кезеңінде анықтау және тосын сын-қатерлерге дер кезінде назар аудару үшін әлеуетті арттыра беру қажет.



## Қазақстанның халық жазушысы атағы 6 қаламгерге берілді

Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен ел дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Биылдан бастап қайта беріле бастаған «Қазақстанның халық жазушысы» атағына белгілі қаламгерлер-Төлен Әбдіқұлы, Смағұл Елубай, Бексұлтан Нұржекеев, Софья Сматаев, Ахметжан Аширов, Любовь Шашкова ие болды.

## Баспасөз-2024 «Созақ үні» оқырмандармен бірге, жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарихи бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақтылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450  
Редакция арқылы жазылу-2500 теңге

Қазпошта мекемесі арқылы-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін-3862,74 теңге.

## Қоғамдық кеңесте



## ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

Жақында аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңес мүшелері отырысын Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Қоғамдық Кеңес отырысына ҚР «Қоғамдық Кеңес туралы» заңының 7-бабының 6-тармағына сәйкес, шақырумен аудан әкімдігінің тиісті бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысып отырды. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде бірнеше мәселелер қаралды. Ол Созақ ауданының елді мекендерінде салық салу объектілерінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері туралы аудан әкімдігі экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жылына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдау (Н.Айдаров), Таукент кенті әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (кент әкімі С.Маманов), Сызған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (ауыл әкімі Х.Мейірбекұлы), Қаратау ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (ауыл әкімі О.Нысанбекұлы), Қарақұр ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың

сегіз айында атқарған жұмыстары және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы есебі (ауыл әкімі Ф.Бимендиев) тыңдалды және күн тәртібіндегі соңғы мәселе «Sozak Oil and Gaz» акционерлік қоғамына жария сервитут белгілеу туралы аудан әкімінің қаулысының жобасымен танысты. Отырыс барысында кеңес мүшелері А.Нысанбаев, А.Сатыбалды, Р.Жақсыбергенов, Т.Жұмақов, Б.Саржан, І.Омаров, Б.Смақовалар есеп беруші бөлім басшылары мен ауыл, кент әкімдеріне өздерінің және елдің көкейлерінде жүрген сауалдарға жауап алды. Сонымен қатар, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді. Кейбір кемшін тұстарды ауыл, кент әкімдері мен бөлім басшыларының назарына салып, тез арада түзеулерін назарға алды. Бөлім басшылары мен ауыл, кент әкімдерінің есебін тыңдау барысында Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстары, алдағы оқу жылына және қысқа дайындық жұмыстары туралы есебін тыңдап, қарар қабылдау барысында Қоғамдық кеңестің 2 мүшесі есеп берушілердің есебіне қанағаттанбағандықтарын жеткізсе, Сызған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдап, қарар қабылдау барысында Қоғамдық кеңестің 1 мүшесі қарсы болды.

Қоғамдық кеңестің отырысын кеңес төрағасы М.Сапаров қорытындылап тиісінше қарар қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Республикалық сенбілік өтті



сенбілік акциясы өткізілді.

Акция барысында, «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің қызметкерлері мен Созақ ауданы көлеміндегі экобелсенділерді, еріктілерді және тұрғындарды барынша тарта отырып, тазалық жұмыстарымен ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Ел халқын-өңірлердің экологиялық жағдайын жақсартуда біріктіру болып табылады.

М.КЕМАЛОВ,

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің инженері.

## БІРТҰТАС ҰЛТ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ

Бүгінде қай елде, қандай қоғамда болмасын діни тұрақтылықты сақтау – өте өзекті мәселе. Толерантты, зайырлы қоғам қалыптастыру оңай емес. Бұл тарапта Қазақстанда бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр: әлемдік дәстүрлі діндер съезін өткізу, дін саласындағы заңнаманы жетілдіру, халықты діни мәселелер бойынша толыққанды ақпараттандыру сынды. Жыл сайын 18 қазанда Рухани келісім күні атап өтеледі.

Бүгін осы атаулы датаға орай Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен «Біртұтас ұлт және зайырлы қоғам» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Семинар-кеңеске ауыл округ әкімдері, діни қызметкерлер, мектептердің директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары арнайы шақырылған.

Семинар-кеңесті аудан әкімінің міндетін атқарушы Ақәділ Сатыбалды жүргізіп отырды. Түркістан облысының Дін Мәселелерін Зерттеу Орталығының теологы Айбек Жолдасбекұлы Тағайдың лекциясымен түрілді. Теолог жасөспірімдер мен жастарды деструктивті діни ағым торына түсуден сақтау жолдарына кеңінен тоқталды.

Дінтанушының сөзін жан-



дандырған Сайрам ауданының Бас имамы Арыстан Оразалыұлы әр халық өзінің тілін, дінін, салты мен дәстүрін, әдеті мен ғарпын сақтай алса ғана өмір бәйгесінде оза алатынын айтты. «Ата мен ананың басты міндеті – баланың діни танымын қалыптастыру. Әр азамат ұясынан ұшып шыққанда өз пайымы болуы тиіс. Жас адамның жат ағымның жетегіне кетуі – дін туралы дұрыс ұғымының болмауынан» деді.

Созақ ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ақәділ Болатұлы Сатыбалды семинар-кеңесті қорытып, елдегі қоғамдық және діни тұрақтылықтың маңыздылығын, оны сақтауда дін қызметкерлерінің ролі зор екен-

дігін, ал білім беру ұйымдары әрбір тұлғаның бойында толеранттылық қасиеттерін қалыптастыратын іргелі институт бола білу керектігін баса атап өтті. Семинар-кеңеске қатысушыларды Қазақстанның тәуелсіздігін баянды етуде, түрлі діни ұйымдардың құйтырқы идеологиясына қарсы тұруда, зайырлы қоғам принциптерін ұлықтауда аянбай еңбек етуге шақырды.

Семинар-кеңес соңында аудандағы діни тұрақтылықтың нығаюына үлес қосқан бірқатар мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен мешіт имамдарына аудан әкімінің алғыс хаты табысталды.

## Аудан аумағында заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу шаралары жүйелі жүргізілуде

Аудан аумағында заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу бойынша Түркістан облыстық көлік бақылау инспекциясының қызметкерлерімен бірлескен рейдтік шаралар ұйымдастырылды.



Іс-шара барысында ауыр жүк көліктері тоқтатылып, құжаттары тексерілді. Облыстық көлік бақылау инспекциясы тарапынан құжаттамасы жоқ, артық салмақта жүк тасымалдаған ауыр жүк көліктеріне белгіленген заң талаптарына сәйкес айыппұл салынды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасады. Осы ретте, барша жүргізушілерге ауыр жүк тасымалы кезінде белгіленген заң талаптарын қатаң сақтауды ескертеміз.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Қоғамдық бақылау жүргізілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен, «Азаматтарға арналған үкімет» МК ҚЕ АҚ ТОО бойынша филиалы Созақ аудандық бөліміне (ХҚКО), Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының бас маманы Нарқабулов Нурлан мен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бөлімінің басшысы Дәулетбаев Әмірбек мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысын жүргізді. Бақылау барысында аудандық бөлімнің жұмысымен танысып, ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және мәселелері талқыланып, қызметтерді көрсетудің қолайлығы мен мүмкіншіліктері бойынша бірқатар ұсыныстар берілді.

Қазақстанда да құқықтық мемлекет қалыптастыруға қатысты қарымды қадамдар жасалды. Халықтың көбі хат танып, қалам ұстамаған кездің өзінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді сауатты құқықтық заң қабылдауымен тарихта қалған бабаларымыздың ел ішіндегі дауды әділ шешуде қолданған ережелері ерекше.

қоғамның құқықтық мәдениетін көтеріп, заң шығару ісіндегі белсенділігін арттырды. Мұның өзі азаматтардың заңдарды дайындауда өз пікірі ескерілген, өзі белсене атсалысқан құжаттарды сыйлайтыны, заң шегінен шықпауға тырысатыны белгілі.

Заңды сыйлайтын, тәртіпке бағынатын мемлекет қалыптастыруда құқықтық сауатты көтерудің де ықпалы ерек-

бөлігі. «Мына адамның мәдениеті төмен» деп қай кезде айтамыз? Егер адам қоғамдағы норма мен заңдылыққа құрметсіздік танытса айтамыз. Құқықтық мәдениеті төмен адам да дәл солай. Ол заңға құрметсіздік танытады. Өзгелердің құқығын таптап, сыйламайды. Ал құқықтық мәдениеті жоғары адам Ата Заңды, өзгелердің құқығын бағалап, оны бұзбайды.

## Заңды сыйлау-елдегі тыныштықтың бір белгісі

Көне заңдық құжаттардың өзі қазақтың бейбітшілікті сүйетін, кісі ақысын жемеуді басты қағида санайтын, адалдық пен теңдікті бағдар ететін ел екенін көрсетеді.

Бүгінгі Қазақстанның құқықтық алаңы да халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді. Құқық қорғау, сот саласында жүзеге асырылып келе жатқан реформалардың негізгі міндеті - заң үстемдігін қалыптастыру, сотына, мемлекетіне сенетін қоғам орнату. Әрине, заң орындалуымен ғана құнды. Ел мойындамаған, халықтың көңілінен шықпаған құжаттың өмірі қысқа. Сондықтан да, соңғы жылдары заңдарды жасап, дайындауға қарапайым халықты тартып, көпшіліктің пікірі мен ұсыныстарын зерделеу дәстүрге айналды. Бұл өз кезегінде азаматтық

ше екенін айтпай кетуге болмайды. Ол үшін білім ордаларынан бастап, жоғары оқу орындарына дейін жастардың құқықтық білімін көтеруге ерекше ден қойғаны жөн. Заңды білген адам да заңсыздыққа бармайды. Сонымен қатар, заңға деген құрмет, мемлекеттегі әділдікке қатысты оң көзқарасты қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының да көмегі көп. Ақпарат өкілдері заңдарды таныстырып, құжаттардағы жаңашылдықтар туралы үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, заңды белден басудың салдарын да жұртшылыққа жеткізе білгені жөн.

Ең алдымен құқықтық мәдениет дегеніміз - біздің заңға деген қарым - қатынасымыз. Демек, құқықтық мәдениет - адамзаттық мәдениеттің бір

Құқықтық мәдениеті дамыған қоғамда көпшілік заңды сыйлап, өз міндеттерін жете түсінеді. Бұзған жағдайда өздерін не күтіп тұрғанын да жақсы біледі. Ал барлық халық заңды сыйлау - елдегі тыныштықтың, өзара сыйлас-тықтың, дамудың кепіл екенін түсініп, теріс әрекет жасаудан аулақ болғанда әділдік салтанат құратын, түтіні түзу ұшып, тірлігі тез оңалатын мемлекетке айналарымыз анық.

Сондықтан, болашағымыз жарқын болсын десек, заңды сыйлайық. Заңды сыйлау - өзінің, жақындарының құқығына құрметпен қараудан басталады.

**Б.Л.САҒЫНТАЕВ,**  
**Созақ аудандық сотының судьясы.**

## Медиацияның басты принципі-еріктілік

Татуластыру шараларын қолдану нормалары азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, т.б. кодекстерге жан - жақты ендіріліп, жұртшылыққа дау - дамайды заң аясында бітімгершілік жолымен шешу жолдарын насихаттау құзырлы орган қызметкерлеріне заңмен міндеттелді. Бұл тұрғыдағы жұмыстар соңғы жылдары соттар тарапынан қарқынды түрде жүргізіліп жатыр.

Осы мақсатта ҚР Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің нормаларына түсіндірме жасар болсақ, дау - дамайды тараптар әкімшілік процестің барлық кезеңінде реттей алады. Бұл үшін олар дауды татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдер тәртібінде шешу келісімін жасайды. Сондай - ақ, аталған кодекспен жауапкердің әкімшілік қалауы негізінде татуласу мүмкіндігі де қарастырылған.

ҚР АПК - де сот өндірісіне түскен азаматтық істер бойынша істі қарауға әзірлік жүргізу барысында тараптарға міндетті түрде араларындағы дауды медиация тәртібімен шешу мүмкіндігі туралы түсіндіріледі. Бұл тұрғыда оларға іс бойынша төленген мемлекеттік баж алымының қайтарылатыны да ескертіледі.

Бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, жанжалды дау - жанжалдарда, т.б. даулы мәселелерде қолданылады. Біздің елде де тараптардың сотқа дейін немесе сот барысында дауды татуласу рәсімдері арқылы бітіруіне барлық жағдай жасалған. Бұл үшін судьялар қажетті шараларды қабылдап, бағыт - бағдар береді.

Медиацияның басты принципі - еріктілік, сол себепті де судьялар медиация бойынша тек тараптарға, медиацияны қолдану мүмкіндігін ғана түсіндіреді. Ал, оған келісуі не келіспеуі олардың процессуалдық құқықтары. Егер сотқа дейін даулар медиация тәртібімен шешілетін болса, соттардың да жүктемелері елеулі түрде төмендер еді.

Дауды медиациямен бітіруде азаматтарға кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, адвокаттар мен заң консультациясы мүшелері көмектеседі. Халық санасына медиация жөнінде үгіт - насихат жұмыстарын жүргізсек, медиаторлар да өз тараптарынан өздерін жарнамаласа, нотариусты таңдағандай халық медиаторды таңдаса қолайлы болар еді.

Бабаларымыз «Ел боламын десең достас, қор боламын десең қастас» дегенді бекер айтпаған. Әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау десек, дау - жанжалдың ортақ мәміле, түсіністікпен шешілуі мемлекетіміздің құқықтық саясаты мен экономикасының дамуына да айрықша ықпал етеді. Сондықтан, заңмен берілген мүмкіндікті пайдалануда белсенділік танытудың пайдасы зор.

**Б.САҒИНТАЕВ,**  
**Созақ аудандық сотының судьясы.**

Мемлекеттік қызмет - мемлекет қызметінің бір саласы және мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі болып табылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен атқарылуы келесі принциптермен негізделі: заңдылық, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдде-

білдіреді. Жұмыспен айналысқысы келетінін, қанша жұмыс істегісі келетінін азамат өзі шешеді. Конституцияның келтірілген бабында: «Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша, не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі» делінген. Бұл егер адам қылмыс жасаса еріксіз еңбек ету қолданылуы мүмкін дегенді білдіреді. Сондай-ақ жағдай қоғам мен адам қауіпсіздігіне қауіп төндірсе олар құтқару жұмыстарына еріксіз тартылуы мүмкін.

Қызмет түрін ерікті түрде таңдау мынаны білдіреді. Азамат қайда жұмыс істегісі

## Мемлекеттік қызмет

лері алдындағы басымдылығын; Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатуға тең құқылы.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының құрамына мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік лауазымдары кіреді. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметке тағайындау, не сайлау негізінде кіруі, ал мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасуы конкурстық негізде жүргізіледі. Мемлекеттік қызметке кіретін адамдарға мынадай талаптар қойылады: олар Қазақстан Республикасының азаматтары болу, жасы 18-ден кем болмауы, қажетті білімі, кәсіби даярлық деңгейі болуы керек және т.б.

Ерікті еңбек ету құқығы. Қазақстан Республикасы Конституцияның 24-бабына сәйкес: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар». Бұл Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз қалауынша жұмысқа тұра алады және одан өз еркімен шығып кете алады дегенді

келсе, сонда істей алады. Ол мемлекеттік ұйым немесе жеке меншік болуы мүмкін немесе үйінде отырып, үй жұмысымен айналысуы мүмкін. Сондай-ақ ол кітап жаза алады, сурет сала алады және де басқа еңбекпен айналыса алады. Ол кәсіпкерлікпен, мал өсірумен, бақташылықпен, т.б. айналысуы мүмкін.

Қызмет түрін ерікті таңдауға қойылатын шектеудің мәні мынада, адам сауда жасауға заңды тыйым салынған заттарды сата алмайды, адамдарды заңсыз емдеуді жүзеге асыра алмайды. Мысалы, есірткі заттарын сатумен айналысу және т.б.

Жұмыс уақыты. Қызметкердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету және басқа себептермен шаршап шалдынуына жол бермес үшін жұмыс уақытының нормалары қойылады. Оларды белгілеудің зор тәжірибелік маңызы бар. Айтылғандардан байқалғандай, қызметкердің денсаулығы қорғалады.

**Р.МАТЕН,**  
**Созақ аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы.**

## Сапалы сот актісі- заман талабы

«Судьяның міндеті заңды қолдану ғана емес, оны түсіндіру» Азаматтар үшін маңыздылығын ісіңіз сот құзырына түсіп, қолыңызға сот актісі тигенде шынайы ұғына түсесіз. Өйткені төрелік әділ болып, заң үстемдігі орнаса сот бөделі өседі, ал сауатты, сапалы жазылған сот актісі судья біліктілігінің, кәсіби шеберлігінің көрсеткіші ретінде бағаланады. Демек, сот корпусына мықты мамандарды іріктеу қаншалықты маңызды болса, сот актісіне қатысты талаптың өсуі де соншалықты қажет. Бұл екеуі бір-бірімен өзектес мәселе.

Сот төрелігін әділ жүргізу, сот шешімдерінің сапасын көтеру - соңғы жылдары елімізде ерекше екіпінмен айтылып, жолға қойылған мәселе.

Сот шешімінің түсініксіздігіне, азаматтардың өтінішіне берілетін формальді сипаттағы жауаптарға, сондай-ақ сот шешімдерінің уақытында орындалмауына базына айтатындар қай кезде де баршылық. Осының өзі сотқа деген сенімді нығайту үшін саланы қай бағытта дамытып, қандай мәселелер бойынша күрделі шаралар қабылдау керектігін ұқтырады. Отандық соттағы соңғы жаңғыртулардың сот актілерінің сапасын арттыруға, сот пен халық арасындағы байланысты нығайтуға бағытталуы да сондықтан.

Сапалы нәтижеге жету үшін бүгінде қолға алынған шаралар аз емес. Ең алдымен сот актілерінің талапқа сай жазылуы судьяның біліктілігімен тамырлас. Біріншіден, тілдік қоры мол, көркем сөйлеу қабілеті қалыптасқан судьяға сот актісін тараптар түсінетіндей етіп жазу аса қиындық тудырмаса керек. Екіншіден, жауаптылық, ізденімпаздық, тараптардың тілегін тыңдай білудің де сот актісінің сапасын көтеруде ықпалы орасан. Сондықтан судьяларға қойылатын талапты күшейту арқылы, сот актілерінің сапасын көтеру жолға қойылып келеді.

Жалпы қай кезде де сот актілерінің түсінікті жазылуы мен олардың орындалуы өзекті. Сапалы нәтижеге жету қарапайым азаматтардың сотқа деген көзқарасын түбегейлі өзгертеді. Ал үкімнің, шешімнің, сот қаулыларының қалай болса солай, заңдардан үзіп-жұлып алынған тіркестермен, мағынасыз жазылуы судьяға, сол арқылы сотқа деген теріс көзқарасты қалыптастыратынын ұмытпауымыз керек.

Сондай-ақ бүгінде республика соттарының барлық шешімдері ашық базаға салынып, кез келген адам қарай алатындай қолжетімді болды. Бұл да азаматтардың сот актілерін салыстырып, бағалауына жол ашатын тетік. Осының бәрі түптеп келгенде сот актілерінің сапасын арттыруға серпін берері сөзсіз.

**А.ДӘУРЕНБЕКОВ,**  
**Созақ аудандық сотының төрағасы.**

Созақ спортын сөз еткен жерде Теріскейдің теңбіл доп мектебі жайлы сөз қозғамау-аудан спортына ғана емес, облыс, Республика спортына қиянат болар еді. Олай дейтінім, кешегі кеңес заманында Теріскей теңбіл доп мектебі ауданымыздың намысын облыста, облысымыздың намысын Республикада лайықты қорғап, чемпион атанып, Одақ көлемінде өтетін үлкен жарысқа қатысу мүмкіндігіне ие болған жалғыз команда. Ал, бұл команданың аты Шолаққорғандық «Шалқар» еді. Сол «Шалқар» футбол командасының бір кездердегі капитаны, үздік шабуылшысы Аманғали Түктібайұлы Аймұрзаев жуырда аудандық «Созақ үні» газетінің редакциясына арнайы келіпті. Әріптестерім ішке ертіп келген соң Аманғали Түктібайұлымен амандасып, хал-жай сұрасқан соң бірден келген бұйымтайын сұрадым. Сөйтсем, биыл Созақ спортына еңбегін сіңірген, оның ішінде Теріскей теңбіл доп мектебінің негізін қалаған Таужан Көшекбайұлы Батыровтың туғанына 80 жыл

тын. Тіпті, ортадан қаражат жинап өзімізге қажетті спорттық жабдықтарды сатып т алатынбыз. Жүлде қорларын жасап, жеңімпаздарды өзімізше марапаттап, бірсөзбен айтқанда кәдімгі жабайы тірлік жасап жүретінбіз. Міне, сол тұста жалпы Созақ ауданына алғаш рет арнайы дене шынықтыру пәнін бітіріп, Дәуленбаев Оралбай ағайымыз келген болатын. Алайда, Орлабай ағайымыздың спорттағы кәсіби мамандығы күрес болатын және сол себепті де ол кісі күрес үйірмесін ашты. Ал енді, мына ойын түрлерінен (футбол, баскетбол және волейбол мен гандбол т.б) нақты арнайы маман болмады. Сондықтан да Орекең әскерден жаңа келген Таужан ағайымыз Көлшікбайұлын Шолаққорғанға шақырып алып, мектебіміздің жанынан футбол, волейбол және баскетбол спорт түрлерінен үйірмелер ашады. Содан бір күні мектепке келсек, балалардың бәрі шулап жүр: «Несін айтамын, Орлабай ағай бойы тапалдау келген, денесі тығыршықтай бір жат-



зымыз жүріп кетіпті. Бірақ мойымадық, керісінше, балдармен Қаратөңізге түстік, қырдық, кейін барып пойызға отырдық. Міне, Таужан Көшекбайұлының ұлтжандылығы, спортсүйгіштігі және табандылығы осы тұста сыналды. Жарыстың ұйымдастырушыларының: «Сендер уақытынан кешігіп келдіңдер, сол себепті де жарысқа қатыстырылмайсыңдар» деген уәжімен келіспей, одақ бойынша кемсомол комитетінің өкіліне жолығып, жағдайды түсіндірді. Нәтижесінде, ойын жіберіп, әрі қарай жарысқа қатысу құқығына ие бола алдық. Содан, пәлен уақытқа созылған, дағыстандық командамен болған қиян-кескі ойында 3:1 есебімен жеңіп шықтық. Бір голды мен, бір голды Тағабек және бір голды Патши соғып, ойынның келесі сатысына өттік. Дегенмен, үлкен өкінішімізге орай Ереванның жергілікті командасымен бір топқа түсіп қалыппыз. Ал, олар кәдімгі атақты «Арат» командасының дайындық тобы екен. Дайындық тобы демесең, кавказдықтар емеспе, ірі-ірі

# Теңбіл доптың төресі

## немесе шолаққорғандық Шалқардың

толып отыр екен. Соған, бір кездері аудандық мәслихаттың хатшысы, ауданымыздың әкімінің орынбасары, кейіннен әкімі болып қызметтер атқарған Әбекең Аймұрзаев бастап, басқа да шәкірттері қостап, Таужан ағайдың мерейлі мерекесіне орай футболдан облыстық турнир өткізбекші екен. Бұл жайында мақаламыздың соңына таман айтып өтерміз. Ал, қазір спорттық, еңбектегі өміріне ұстаздық етіп, бағыт-бағдар берген, тұлға боп қалыптасуларына ықпал Батыров Таужан ағайы мен өзі капитаны әрі шабуылшысы болған «Шалқар» командасы жайлы сөз еткелі келген Аманғали Түктібайұлын тыңдасақ, 57 жылдық бір өмір жайлы естісек:

Қарапайым ғана ауыл балаларын облыс пен Республика, тіпті Одаққа танымал етіп, қазіргі таңда шет-ел атап жүргеніміз, Армения жеріне дейін алып барған. Ауыл кинотеатрынан басқаны көрмеген, қара домалақ балаларды сол тұстағы өнер танитын адамдар аузының суы кетіп әңгіме ететін үлкен театрларға апарып, музей үйлерін аралатып, теңіздерде жүздіріп, курорттарда демалдырып, үлкен қалаларды аралатуы кез-келгеннің қолынан келе берер шаруа емес екені анық. Әрине, ол үшін әуелі тіл білу қажет. Кейін, ел-жер тани білуі тиіс. Осының бәрі үшін ең әуелі батылдық керек. Себебі, артында тақымын қысып, хабарын күтіп отырған елі, атана, аудан, облыс, тіпті Республика басшылары тұр. Өзі шептігіне алған он екі баланың тағдырына жауапкершілік тағы бар. Өне, осы аталғандардың бәрін жүзеге асырған сол тұстағы небәрі 25-тегі өрімдей жас жігіт Батыров Таужан Көшекбайұлы ағайымыз болатын. Ол кісіні түбі осы Созақтың Аққолтық ауылынан шыққан демесек, негізінен 1943 жылы Кентау қаласына қарасты, Ащысай поселкесінде дүниеге келіпті. Орта мектепті осында, кеншілер поселкесінде тәмамдаған Таужан ағай еңбек жолын да осы Ащысайдағы коммуналдық тұрғын үй бөлімінде жұмысшы боп бастаған. 1962-65 жылдар аралығында Кеңес әскері қатарына шақырылып, азаматтық борышын өтеген. 1966 жылдың 14 қаңтарында ата жұрты Созаққа, нақтырақ айтсақ, Шолаққорғанға келіп, Ы.Алтынсарин атындағы орта метепке дене тәрбиесінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Ол уақытта мен бар болғаны 6 сыныпта оқимын. Бұған дейін арнайы маман жетіспегендіктен кез-келген пәннен өз пәнінен сағат жетіспеген мұғалім сабақ бере беретін кез. Дегенмен, осындай жағдайға қарамастан сол тұстағы оқушы балалардың спортқа деген қызығушылықтары өте жоғары бола-

тықтырушы әкеліпті, ойын түрлерінің бәрінен хабардар екен!» деп. Әлі есімде бірде біздерді іріктеп алып қалды дағы, кім неге бейім байқап көрді. Маған да допты қабырғаға тептіріп, дриблинг жасатып көрді. Айта кету керек, ол уақытта одақта спорт ойындары түрлерінен баскетбол, волейбол мен гандбол дамып жатқан кез. Ағайымыз да шынында осы ойын түрлерінің бәрінен әмбебап боп шықты. Бұған дейін, мұнан кейін де мен дәл Таужан ағай сияқты әмбебап спортшыны көрген емеспін. Дегенмен, сол тұстағы барша кеңес балалары сияқты Шолаққорғандық жасөспірімдер де футбол ойынымен көптеп шұғылдана бастады. Сонымен, Алтынсарин мектебінің жанынан футбол үйірмесін ашып, команда жасақтап, доп тебе бастадық. Ол кезде қазіргідей футбол алаңдары жоқ мектептің жанындағы тас алаңда, кейіннен, қазіргі аудандық әкімдіктің жанында алаң болатын сонда барып ойнайтынбыз. Көршілес аудандардан жолдастық кездесулерге командалар шақыра бастадық. Тіпті, көршілес Жамбыл облысы, Сарысу ауданының орталығы Жаңатас қаласының командасы да бірнеше рет шақырып, қонаққа барғанымыз бар. Жаңатаста әскери гарнизон болатын, сондағы сарбаздармен де көп ойнадық. Одан бөлек, Ащысай, Кентаудың командаларымен кездесулерді көп өткіздік. Бәрі ересек жігіттер дағы ең жасы біз Топик екеуміз. Құдияров Тағабек (Топик) менен бір жас үлкен, бірақ, бір жас қалып бізбенен оқыған. Екеуміз өзімізден үлкен жігіттердің туу туралы куәліктерін алып алатынбыз, сосын барып ойнайтынбыз. Әйтпесе жібермейтін. Бізден үлкен Сатыбалдиев Патшилер 10 сыныпта оқыды. Ең ересектеріміз сол уақытта 20-25 жасар жігіттер болатын. Тағы да бұл уақыттарда әрбір қоғамның, саланың өзінің ерікті қоғамдық спорт үйірмелері көп болатын. Мысалға: Ауылдық спорттық клубтар «Қайрат» деп аталды. Сол кездегі кәсіптік-техникалық оқу орындарының өз үйірмелері, өндіріс салаларының үйірмелері «Спартак», ИОның командалары «Динамо», әскерилердің командалары «ЦСКА» деп аталды. Сол жаңағы ауылдық спорттық қоғамдық үйірмелерінің орталығы «Қайрат» тың ойындарына қатыса бастадық. Сайрам ауданындағы Ақсу, Қараспан секілді ауылдардың футбол командаларымен ойнадық. Сонымен қатар, Одақ бойынша бұқаралық спортты насихаттау бағытында мектептер мен көшелерде, ауылдар мен аудандарда футбол командалары жасақталды. Бұл бұқаралық спорттың басында Сушков деген орыс азаматы

тұрды. Не керек, мектеп және көшеаралық жарыстарды жеңіп шығып, ауылдардан құралатын аудандық жарыстардың жеңімпазы атанып, облыстық жарыстарға да жол ашылды. Нәтижесінде, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, сол уақытта «Шалқар» жасөспірімдер құрама командасы жасақтап алдық. Сонымен, 1968 жылы Шымкент қаласындағы «Спартак» стадионында өткен «Былғары доп»-тың ұйымдастыруымен өткен облыс біріншілігінде жергілікті «Мелиоратор» (қазіргі Ордабасы) футбол клубының дайындық тобымен ойнап, жеңіліп, жүлделі II орынды иелендік. Дегенмен, келесі жылы жақсы дайындықпен барып, «Динамо» стадионындағы жарыста облыс чемпионы атандық. Содан не керек, сол жеңістің буы ма екен, әйтеуір, жан-жаққа жайылып кеттік қой. Оның үстіне Петропавлда өтетін ел чемпионатына қаланың командасы барады деген болатын басшылар. Сөйтіп, бір балалар жазғы демалысты пайдаланып Артекке кетті. Ал, Таужан ағайымыз бен Аққолтық ауылындағы Құлмаханов Асылхан ағай екеуі «Қайрат» қоғамдық спорты үйірмесінің атынан қол добынан Ригада өтіп жатқан республикааралық жарысқа кетіп қалған болатын. Бір күні аудандық комсомол комитетінің хатшысы Шарапов Бақыт ағамыз облыстық Спорт комитетінен Казаков деген орыс жігітін ертіп үйге кіріп келті. Себебі, мен «Шалқар» командасының капитаны едім ғой. Не керек, 15 күннің ішінде жиналып, СҚО, Петропавл қаласында өтетін Республикалық «Былғары доп» жүлдесін сарапқа салу ойынына облысымыздың атынан сендер барасыңдар деді. «Жазған құлда жан бар ма?» аяқ астынан үй-үйді аралап жүріп командалық әрең жасақтап алды. Ол екі ортада Ригада жүрген Таужан ағайымыз мән-жайды айтып-жазым телеграмма жіберіп қойдық. Сонымен, СҚО, Петропавл қаласында өтетін Республикалық «былғары доп» жүлдесін сарапқа салу ойынына аттандық. Нәтижесінде, 16 облыс пен Алматы қаласының командаларын айқын есеппен ұтып, Республика чемпионы атандық және Армения ССР-ның астанасы Ереванда өтетін бүкілордақтық «Былғары доп-1968» чемпионатына берілетін жалғыз жолдаманы жеңіп алдық. Артынша-ақ, Петропавл қаласынан Ереванға баратын пойызға отырып, Армения қайдасың?-деп тартып отырдық. Дегенмен, мұнда да шеңбердің немісқайдылығы орын алып, Таужан ағай бастаған «Шалқар» футбол құрамасы әлгі біріншілікке уақытынан кешігіп бардық. Себебі, Ереванға Сочи қаласы арқылы баратын болғанбыз. Сочиға келсек, пойы-

денелі жігіттер бәрі. Нәтижеде, бұл командадан 3:0 есебімен ұтылып қалды. Сонымен, барша Созақ жұртының, Қазақ елінің қуанышы мен өкінішіне орай жүлделі екінші орынды иеленіп, абыроймен елге оралдық. Ал енді, сонау Армения жерінен ауданға оралған жеңімпаздарын жерлестеріміздің қандай ғып қарсы алғанын екі ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жаңылмасам, бүкіл Шолаққорған жұрты көшеге шыққан ғой. Бұл тарихи оқиға жайында Созақ футбол майталмандары қайсыбір жылы жарыққа шығарған естелік альбом сыр шертіп тұр. Қызыққан адам қарап, көп нәрсе ұғатындай көркем дүниелер бар әлгі естелік альбомда.

### Толағай мінез, табиғи болмыс несі Таужан ағай

Жалпы, Таужан ағайымыздың дене бітіміне қарулы көзбен қарасаң, әрқашан, не нәрсеге де тас-түйін дайын жүретін адамды байқайсың. «Шаққан адам» деп те атайды мұндай кісілерді біздің қазақ. Олай дейтінім, жасы 80 ге келсе де қазірдің өзінде спорттың қай түрінен болмасын кез-келген 25 жасар жігітке есе жібермейтіндей сыңайы бар. Сосын, Таужан ағай орысшаға өте сауатты жан. Сыртқы жинақылығы, ішкі мәдениеті ол кісіні қарапайым ауыл адамынан ерекшелеп тұрады. Дана халқымыз мұндай кісілерге қаратып «орысша оқып, тәрбие алған екен» деп те жатады. Көп сөйлемейтіндігі, сабырмен кезегін күтіріп отыратындығы, сөйлесе де тек өзіне қатысты болғанды сөйлеуі ол кісінің тектілігін де көрсетіп тұрады. Таужан ағайымыз Созақ спортының, оның ішінде футбол мектебінің қалыптасуы, дамып-өркендеуі үшін көп еңбек сіңірген жан. Дегенмен, еткен еңбегін бұлдамайтын қарапайымдылығы себепті де көп елене бермейтіні бар. Ал, енді бұл Таужан Көшекбайұлы ағайымыздың алған біліміне келер болсақ, 1968-1973 жылдар аралығында Қазақ физкультура институтының сырттай бөлімінде оқып, «физкультура және спорт оқытушы» мамандығын алып шыққан. Кәсіби еңбек жолын 1970-73 жылдар аралығында Созақ аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы қызметінен бастаған. 1973-76 жылдары №14 мектеп-интернатында дене тәрбиесінің мұғалімі, тәрбиеші болып жұмыс істеген. 1984 жылы аудандық білім бөлімінде әдіскер маман қызметін атқарған. 1986 жылы қызмешек поселкесіндегі СУ-1 орта мектебіне директор болған.

1989 жылы Халық депутаттары аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. 1994-98 жылдар аралығында Қыземшек поселкесінің әкімі боп жұмыс жасаған. 1994 жылдан Қыземшек поселкесіне қарасты «Дала кен» басқармасына қарасты коммуналды шаруашылық мекемесінде қызмет атқарып, 2006 жылы зейнет демалысына шыққан. Дегенмен, зейнетке шықтым екен деп, үйде қол қусырып отырмаған. 2008 жылдың қарашасынан күні кешеге дейін аудандық БЖФМ-де инструктор болып, жиған-терген тәжірибелерін немере шәкірттерінің бойына сіңіріп келді. Үлкен отбасы бар. Жұбайы, Жаппарова Малика зейнеткер. Отбасында екі ұл, үш қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген. Қазіргі таңда сол ұл-қыздарынан 12 немере, бір шөбере сүйіп отырған жағдайы бар.

Таужан ағай 1965 жылы Ұлы Жеңістің 20 жылдығына арналған, Ленинің 100 жылдығы мерекелік, 2012 жылы «Облыстық спортқа сіңірген

кітапханалар көрсетіп, танымын өзгерте білді. Біз де егер қатты қаласақ, ерінбей еңбек етсек, ұстаздың ұстанымын алсақ, асқақ армандарымызға жетуге болады екен ғой деген сенім ұялатты жастардың жүрегіне. Ал енді, Таужан ағайымыздан сөз еткен жерде оның шәкірттері жайлы да есті естеліктер айтпасақ, ел алдында ерлерімізге қиянат болар еді. Оның үстіне, біз бұл жолы Таужан ағайымыздың торқалы тойы мен қатар Шалқар футбол командасының да спорттағы бағындырған шыңдарына 55 жыл толуын да атап өткізді. Әрине, командаластарымыздың арасында бұл күнге жеткені де, о дүниелік боп кеткені де бар. Олар біздің есімізде, естеліктерімізде біз жасағанымызша жасайды. Солардан Патши Сатыбалдиев, Тағабек Құдияров, Мен, Әбдікәрім (Андрей дейтінбіз) Омаров бәріміз дене шынықтыру институттарын тәмамдап, білім салаларында қызмет атқардық. Әрине, енді арасында басқа салаларда, басшылық қыз-

туыс, құда-жекежаты мен дос-жарандарының арасында тойлап, арамызда, ауырмай-сырқамай, күліп-ойнап жүре берсін! Ізінен ерген, тәрбиесін көрген шәкірттері, бізге де сол кісінің жасын, жолын берсін!

### Таужан ағайдың шәкірті Тағабек, «Шалқар» жайлы естеліктер

Өзің Сәуірбек Бақбергеновтың «Он үшінші ойыншы» және Ескермес Жақсымбетовтың «Төңбіл доп» атты кітабына, біздердің айтқан естеліктерімізге сүйеніп жазаған мақаланың басты кейіпкерлері, кезінде Одаққа мәшһүр болған «Шалқар» командасының ойыншыларын жаңадан жасақтап жатқан кезім еді. «Сұрағанға береген» деп, Толиктің сап етіп Созаққа келе қалуы мен үшін кәдімгідей тосын сый болды. Әрине, бұлға дейін жабайы футбол ойнап келген балалар аяқдоп

Сәрсенбаев араласты: «Ой, Данияр! Бәріміз де жақсылы-жаманды ұзақ жылдардан бері жаттықтырушылық қызметті атқарып, бала тәрбиелеп келе жатырмыз ғой. Бірақ, Таужан ағайымыздың орыны бөлек қой! Өзің ойлашы, 70-жылдар, қарапайым ауыл балалары облыс түгілі ауданнан асып шығып көрмеген. Ал біздің Таужан ағайдың шәкірттері облыс, Республиканы былай қойып, Одақтың құрамындағы өзге елдерге, үлкен-үлкен қалаларға шыққан ғой. Сол кезеңдерде әрбір қазақтың баласына арман поромға, пороходқа мінген. Үлкен театрларға, эрмитаж, музейлерге барған. Керемет қой! Меніңше, Шалқарды Шалқар еткен, Толик ағайлардың да мықты спортшы, шебер жаттықтырушы болуына Таужан ағайдың осы бір игі істері себеп болған ғой. Бұл кезде әлі ауданымызда аудандық БЖСМ құрылмаған болатын. Сол аудандық БЖСМ-нің міндетін сол уақыттарда нақ осы Алтынсарин мектебі атқарып тұрған ғой».

# Таужан ағай 80 жаста

## ШЫҢҒА ШЫҚҚАНЫНА 55 ЖЫЛ

еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Тағы да «Созақ ауданының құрметті азаматы», «Қазақстан конституциясына 20 жыл» мерекелік медальдарының иегері. Бір сөзбен айтқанда бір басына білімі де тәжірибесі де жеткен, ауданына, еліне ерен еңбек сіңірген спорт майталманы, арда ақсақал!

### Таужан ағай тәнімізді тәрбиелеп қана қоймады, тұлға қалыптастырды

Өзі әдетте дене тәрбиесінің мұғалімдері шәкірттерінің тәнін ғана тәрбиелеумен айналысады ғой. Меніңше, ондай мамандарды мұғалім деп қана қоюға болады. Ал, біздің Таужан ағайымыз секілді шәкірттерінің тәнін ғана емес, жанын да тәрбиелеп, ертеңгі өмірге дайындап, тұлғасын қалыптастыратын маманды ұстаз деп атаған жөн шығар. Олай дейтінім, тек ұстаз ғана өзін бүтіндей шәкірттерінің жаны мен тәнін қатар тәрбиелеуге арнайды, осы жолда жанын салады. Негізінде спортта спортшы бір жетістікке жетуі үшін оған белгілі бір дәрежеде жүйелілік, табандылық және жігерлілік секілді жақсы қасиеттер керек. Ал енді, мұндай қасиеттерді шәкірттерінің бойына ұстаздан басқа кім сіңіре алады? Міне, осы тұрғыдан алғанда Таужан ағайымыз бізді мектеп қабырғасында, алғашқы оқу-жаттығу сабақтарынан бастап-ақ осындай қасиеттерге баулыды. Алаш арысы Әлихан атамның «Елге қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзі бар ғой, сол спортқа да мінез керек екен. Өйткені, спорт саласына қызмет етудің әр жағында ел мен жерге, мемлекетке қызмет ету тұр. Мәселен спортшы байрақты бәсекелерде мемлекетінің әнұранының орындалуына, байрағының сол чемпионат етіп жатқан елінің көгінде желбіреуіне себепші боп жатса, міне, мінез, патриоттық деген осы. Тағы да Таужан Көлшікбайұлы ауылдың мектептері мен көшелеріндегі тастақ алаңдарда доп теуіп жүрген қарадомалақ қазақ балаларының да облыс орталықтарындағы, ірі қалалардағы жасыл алаңдарда да доп тебе алатынын дәлелдеп көрсетті. Тіпті, жоғарыда айтқанымыздай ауданның атын облыста, облыстың атын республикада және мемлекетіміздің атын шетелдерде танытуға, мойындатуға болатынын көрсетті. Ауылдан шығып көрмеген, алыстағы армандау ғана мүмкіндігі бар ауыл балаларын Армения жеріне дейін апарып, Қаратеңізге түсіріп, театр, музей,

меттерде де болғандарымыз бар. Әмзе Омаров ұзақ уақыты жеке кәсіпкер боп қызмет істеді. Кенжебек пен Мәліс политехникалық институттарды бітіріп, көп жылдар бойы еліміздің түкпір-түкпірінде құрылыс саласында қызметтер атқарды. Ал, Тұрғанбеков Едіге медицина саласында жұмыс жасады. Байдалы Омаров ауылда жұмысшы боп істеді. Берік

ойынының қыр-сырларын ұғынып, кәсіби деңгейде шұғылдандуға ынталанып қалған шақ қой. Кенжебек, Патши, Закир, Аманғали т.б балалардың футболдың айла-тәсілдерін кәдімгідей меңгеріп, шеберліктерін шыңдап қалған кезі-тін. Толик алғашында мектептің атынан баскетболдан жарыстарға барып жүрді. Онымен бірге Жүнісов Жеңіс т.б балалар ойнады. Баскетболды өте керемет ойнады. Ол



Смағұлов ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, осы салада қызмет істеді. Қуатбеков Айтқали Ішкі Істер саласында жұмыс жасады, Қарағандыдағы Милиция мектебін бітірген болатын. Шымкентте облыстық ішкі істер басқармасында, кейіннен Алматыда министрлікте қызмет атқарды. Міне, осы бір Созақ футбол мектебінің жарық жұлдыздары болған атпал азаматтардың біразының бүгінде жарқын бейнелері көз алдымызда. Барлығының да жатқан жерлері жайлы болсын. Мінеки, көріп отырғандарыңыздай «Шалқар» командасының әрбір ойыншысы спортта ғана емес, өмірде де өз орындарын тапқан орнықты азаматтар, қалыптасқан тұлғалы жігіттер еді. Соның барлығының себепшісі осы Таужан Көлшікбайұлы ағайымыз болды. Сол үшін де мен барлық дүниеде бар, о дүниелік боп кеткен командаластарымының, жалпы, созақ спортының саңлақтары мен жанкүйерлерінің атынан мынау сексеннің сеңгіріне шығып отырған ұстазымыз Батыров Таужан Көлшікбайұлына ризашылығымды білдіріп, алғысымды айтамын. Тоқсанның төріне шығып, ол торқалы тойын да осылай төл шәкірттері мен немере және шәкірттерінің, отбасы, ағайын-

Таужан ағай: «Мен Бақтыбайдың сөзін тірілтейін. Білесің ба, біздің мектепте спорттың қатты дамығаны сондай, 1968 жыл облысқа баскетболдан жарысқа бардық. Финалға шығып тұрмыз және жеңуге де мүмкіндігіміз бар. Сонда балалар айтады ғой: «Ағай, қараңызшы! Баскетболдан жеңсек қой, Республикалық жарысқа бар болғаны 8-ақ бала барамыз. Ал футболдан жеңсек, 15 бала ел біріншілігіне барамыз. Дауайте, жеңіле салайық!» деп, қолдан жеңіле салдық. Есесіне, футболдан облыс чемпионы атанып, Петропавл қаласында өткен Республика чемпионатына барып, облыстың намысын абыроймен қорғадық. Көрдің ба, соншалықты дәрежеде спорт дамып кеткен, футбол мен баскетболдың арасында таңдау жасап жүрміз ғой. Әрине, осылардың бәрінде Толик ағайының мен үшін көмегі көп болды. Біріншіден, спортқа деген махаббаты күшті, екіншіден, сауатылық жағынан мықты болды. Міне, сол спортқа деген махаббаты мен білімділігі және біліктілігі мен кәсібилігі 55 жылдан бері оны әлі биігінен түсірген жоқ».

Ұстазының сөзін іліп әкеткен Бақан: «Қарашы, Толик ағайдың Созақ спортының көшін сүйреп жүргеніне 55 жыл болса, Таужан ағайымыздың Қазақ спортын өрге сүйреп келе жатқанына 60 жылдай уақыт болды ғой. Олай дейтінім, бұл кісінің алғашқы шәкірттері Толик, Аманғали т.б басқа ағайлар болса, біз ол кісілердің шәкірттеріміз. Кешегі, рахметтік Ораздар біздің шәкіртіміз болса, қазір олардың шәкірттерінің шәкірттері аудан облысты қойып, Республикада доп теуіп жүр. Сонда мен немере шәкірт көрсем, Толик ағай шөбере, Таужан ағай шөпшек шәкірт көріп отыр ғой. Бір ғана Пиялы Нұрсұлтан деген баламыздың футболдан «Қайрат» командасының құрамында өнер көрсетуі неге тұрады, басқасын айтпай-ақ қояйын. Ал, мына «ҚазАтомПром» ның барлық мекемелерінде ауданымыздың, облысымыздың барлық командалық командаларын ойнап жүрген балдардың барлығы дерлік Толик ағайдың тікелей шәкірттері. Бір сөзбен айтқанда, Таужан, Аманғали және Толик айғайлар Созақ спортының қарифейлері ғой!

Ескерту: Қазан айының 27-28 күндері аудандық БЖФМ-де Таужан ағайымыздың 80 жылдығына орай футболдан облыстық жарыс өтеді. Көршілес аудандардан және өз ауданымыздың әр ауылдарынан командалар келіп қатысып, жарыстың көрігін қыздыратын болады. Жарысты ұйымдастырушылар арнайы жүлделер де дайындап отыр. Келіңіздер, көріңіздер, тамашалаңыздар! Теіскей төңбіл добының төресі Батыров Таужан Көлшікбайұлының мерейлі мерекесін, жақындарымен және шәкірттерімен бөлісіңіздер!

Әңгімелескен: Данияр БЕК.  
«Созақ үні» газетінің тілшісі.

### Ұстаз бенен шәкірттің естелік алмасулары

Осы жерде әңгімеге Бақтыбай аға

**Жетеді хаттар жұртымнан  
Қайғысын алып әлемнің:  
«Түгенше науқас былтырдан»,  
«Халі тым нашар пәленнің».  
Есенғали Раушанов.**

Қазір ешкім хат жазбайды. Бірақ бұрынғы хаттың ауырлығындай телефон қоңыраулары түседі. Қыркүйектің 19-шы түні ауа берген бейуақта анамның нөмірі телефонымнан жарқ еткенде менің де жүрегім булығып сала берді. «Бейуақта ұйықтама», «Бейуақта жұртты мазалама» деп үйреткен анамның бұл уақытта бекер хабарласпағаны айдан анық еді. Нағашы атамның нашарлап жатқанын білем ғой.

– Досхан, әкемнен айырылып қалдық, – дейді телефонның арғы жағындағы таныс та бейтаныс үн. Сездім ғой. Осылай айтарын білдім ғой. Бірақ соңғы сәтке дейін күдігіме бой бермеп едім. Қазақтың жайшылықта айтылар «қайырлы болсыны»

– Ә, ол жақты тани бермейміз ғой...

– Шолақорғандағы Төрегелдінің жиен немересімін, апа.

– Қай? Директор Төрегелді ме? – деп апам жалт қарады. Төкеңнің зейнетке шыққанына 15 жылға таяды-ау. Ал Жартытөбедегі қызметінен кеткеніне тіпті 30 жылдан асып кеткен. Бірақ «Директор Төрегелді» атының сақталуы менің көңіліме зор қуаныш сыйлады. Бұл да бір халықтың ол кісіге деген құрметінен болса керек.

«Тапсырылған қызметтерді партияның солдат ретінде адал атқаруға тырыстым. Ынтымақ ауылына директор болып барар кезде облыстың білім департаментіне кеш жеттім. Сағат бестердің шамасында Ахметова апамыздың алдына кіргем.

– Созақтық комсомол келді, – деп жылы қарсы алды. Келген шаруамды айта салысымен керекті адамдарды шақыртып, бірден бұйрық шығарып берді. Оны-мұны сөзге кел-



кетіпті. Тіпті шатырының жартысын да хшырып кеткен екен. Жылыту орталығы да жұмыс істемейді. Сонымен маусымнан қазан ауына дейін 5 ай бойы үйге бармай жөндеу жұмыстарын жасадық. Мемлекет 216 мың сом ақша бөлді. 116 мың сомды жараттым. 110 мың сом интернат есебінде қалды.

Шымкент, аудан бәрін жағалап жүріп бүкіл құрылыс материалдарын таптырдым. Тіпті су ағатын крайниктер де ол заманда табыла бермейтін. Ал жылыту жүйесінің насосы тіпті табылмайды. Бірақ соның бәрін қалаға барып, тиісті адамдардың алдына кіріп жүріп алдырдым. Жоғарыда айттым ғой. Ол заманның іс жүргізу тәртібі басқа. Әрбір құрылыс материалы есеппен шығады. Есеппен беріледі. Жыл басында есепке кірмеген дүниені жыл ортасы жұлып алу қиын заман. Оны табанынан тозып жүріп іздегенге ғана бұйратын. Солай мектеп-интернаттың бүкіл кем-кетігін реттедік. Ұзақ

# ЖЕТЕДІ ХАТТАР ЖҰРТЫМНАН

аузыма түсті ме, түспеді ме, білмеймін.

– Қазір біраздан соң жолға шығамын, – дегенім есімде. Осылай 23 жылдың қыркүйегі менің атамды алып кетті. Өмір бойы ең қауырт еңбек ететін айы еді ғой қыркүйек. Ол кісінің өмір бойы асыға күтетін, жаңа белесі басталар ай еді ғой. Қыркүйек – ол кісінің жаңа жылындай болатын. Міне Төрегелді Жүнісбеков сол өз «жаңа жылында» бақиға аттанды. Сонша қиюы келіскенін қараңызшы. Бар ғұмырын мектеп саласына, ұстаздыққа арнаған ақсақал оқу жылының басында, оқушылардың мойнындағы галстугін кір шалмай тұрып аттанып кетті. Сол түні Шолақорғанда жауын жауды дейді. Егер көзі тірі болса кішкентай бланкытына «19.09.2023 ж. Жауын жауды» деп жазып қояр еді Төрегелді атам. Бірақ сол күнгі жауын атамның бланкытына жазылған жоқ. Ұрпақтарының жүрегінде қалды мәңгіге...

Тағдыр басқа салған соң көнеді де. Бірақ Тәңір басқа салған тағдырға кендіру бір басқа болғанда, кенбістік тіпті басқа жол. Жүнісбеков Төрегелді көндікті. Бірақ кенбістікке басқан жоқ-ты. Бала күнінде-ақ аяғы ақсады. «Балам-ау, менде бала жасымда жарыс десе алдыма жан салмайтын едім», – дейді аяғын көрсетіп. «Бірақ аяқтан ерте қалдым ғой. Қайта кесіп тастамай, осы күйі қалдырғанына, шүкір» деп отыратын. Иә, аяқтың ақсақтығы жанынақсақ еткен жоқ еді.

Әкеден де ерте айырылды. Бірақ ағасын арқа тұтып «ағам бар» дейді екен. Тарих факультетінің үшінші курсы тәмәмдап, ары қарай сырттай оқуға ауысып келеді. Мектепте мұғалім. Комсомол комитетіне қызметке шақырып, әлеуметтік жағдайын сұрағанда: «Ағам бар. Шешем бар» – деп жауап берген екен. Сол қызметтен Төкеңнің даңғыл жолы басталды. Ешкімнің алдын кеспей, қызметкерге тән ұзын құрық, қырық кез айла ұстамай-ақ адал қызмет атқарды. «Адал болғанын мен қайдан білемін, бірақ?» Білемін! Аудан көлемін қанша аралап жүріп Жүнісбековті танитын кісілерді көп көргем. Олардың ешбірі «Төрегелді» дегенде тыжырыңан емес. Аңқылдаған көңілімен «Ә, сен Төкеңнің немересі ме едің?» деп құрақ хшып қалатын... «Ол кісі біздің ауылда қызмет етіп жүргенде» деп бастап талай еңбегін сөз етуші еді.

Атаммен соңғы рет кеңінен әңгіме айтар сапарымда елге қарай таксимен шыққам. Бірге отырғандар Жартытөбенің кісілері екен. Алдыңғы орындықта отырған апамен әңгімелесіп келеміз.

– Қызылкөлдін баласымын, апа!

ген де жоқ. Тек:

– Мен Төрегелдіге сенем, – деген жалғыз ауыз сөз айтты. Сол 39 жасыма дейінгі істеген еңбегімнің жемісі болар. Солай Ынтымаққа аттандым.

Қолымнан келгенше еңбек еттім ғой. Мектебіне жылыту орталығын салдырдық. Мектепті, сыныптарды жаңаша безендіру жұмыстарын жүргіздік. Совхозды айналшықтап, қайта-қайта барып жүріп төрт бөлмелі класс салдырдық. Интернаттың айналасына ағаш отырғызып, қоршатып, жертелесіне дейін салғыздым. Әрине, қазір айта салғанға оңай көрінер. Бірақ ол шақтарда істің жасалу тәртібі мүлде басқа болатын. Осылай Ынтымақ халқынан көп алғыс алдым. Ол халыққа да менің алғысым шексіз...

Нағашы атамның ауруы енді-енді

сөз бастады:

– Төрегелді, Шолақорғандағы мектеп-интернатқа директорлыққа тағайындап отырмыз, – деді. Раиса Ахметова да қолдады оның сөзін. Сосын туралап Раиса ханымға айттым:

– Әпке, менің мына аяғым ауырады. Ондай үлкен шаруаға кірісе алар ма екен?

– Кірісесің. Қолыңнан келеді. Сен партияның солдатысың!

Үш күннен кейін ауданнан телеграмма келді. Жеделдетіп жеттім. Бірінші хатшы Шерімқұлов мырзаға жолықтым.

– Төке, сізді Раиса ханым мектеп-интернаттың директорлығына ұсынып кетті.

– Сол, тәуекел деп келе жатырмын... – деп едім:

– Тәуекел дейтін ештеңе жоқ,



біліне бастаған шағы еді. 26 шілде күні түсіп, екеуіміз ұзақ әңгіме айттық. Бұрындары да атаммен әңгімем аз болмаушы еді. Бірақ осы жолы бірдеңе сезгендей диктафонымды қосып жаттым. Дәл қазір атамның дауысын тыңдап отырып сөз ортасы көп күрсінгенін естіп отырмын. Дерт барынша меңдеген екен...

«1988 жылдың мамыр айының соңы болса керек. Байділдаев Сағынтай телефон соқты.

– Төрегелді, біз Раиса Ахметова апаң екеуіміз Степнойдан қайтып келеміз. Жолдан сенің үйіңе түсеміз, – деді. Қонақ үй деген жоқ заман ғой. Оның үстіне ауылда қайдан қонақ үй бола қойсын. Қызметкерлердің бір-бірінің үйіне қонып жүре беретін заманы. Дастархан әзірлеп күтіп, біраз әңгімеден соң Сағынтай

Төке. Істеп жүрген шаруаңыз ғой...

Ертесі С.Байділдаев қолыма құжаттарымды ұстатып Шымкентке жіберді. Негізі ол кісінің өзі баруы керек еді. Бірақ өзімді жібере салды. Раиса Ахметованың алдына тағы кірдім. Үшінші рет. Комсомол кезінде бір кірдім. Директорлыққа тағайындаларда екінші кіргем. Мынау үшінші табалдырығын аттауым еді.

– Оо, Жүнісбеков! Созақтың комсомол! Келіскен екенсің! Добро! – деп құжаттарыма бірден қол қойып берді. Ол кісіден басқа да кісілер рұқсатнама жазу керек еді. Ешқайсысына жіберген жоқ. Өз кабинетінен бітіріп беріп, ауылға қайтарды.

Интернатқа келдім. Дым жоқ. Не есік, не терезе... бір алапат жауыл болған. Содан бәрін сыпырып

отырғам жоқ. Айналасы 4-5 жылдан кейін Ә.Молдағұлова мектебіне ауыстым. Соңында Ы.Алтынсарин мектебінен зейнетке шықтым, балам».

Жүнісбеков Төрегелдінің қызмет жолы шамамен осылай болды. «Дүние жимадым. Оның соңы – от. Адалдығыммен жиған абыройым болса – жұрт біледі ғой», – деп отыратын еді атам. Және қызмет деп жүріп оқуды қалдырмағаны таңғалдыратын мені. Қазақ жазушыларын қойып, әлемдік қаламгерлер туралы әңгіме тарқататын. Марк Твенді жақсы көретін. Асқар Сүлейменовтің «Жетінші палатасы» жайлы көп айтатын. Дүние жүзі тарихын қазақ тарихымен байланыстыра отырып сөйлейтін. Жаһандық саясаттан да зор хабары бар, тіпті аналитік ретінде келесі саяси жүрістерді болжап отыратын. Зейнетке шықса да газет-журнал оқуын тоқтатқан жоқ. Тіпті кітап оқуын жиілетті. Менің де кішігірім кітабымды оқып, ғажап пікір айтып еді. Төкеңнің бойындағы сергектік, санасындағы ақыл, бойындағы сабыр, жанына берілген төзімді тауысып жазу мүмкін еместей.

«Балам, біраз нәрсе көрдім ғой. Бірақ тұтас ғұмырымды мектеп саласындағы қызметіме арнай жүріп бір нәрсені анық түсіндім. Ешбір оқушыға «сен адам болмайсың» деп айтуға болмайды екен.

Ескіректе, жаңбырлы күні көлігім ауылға жетпей батып қалды. Сол Ынтымаққа кетіп бара жатқанда болса керек. Бір тракторшы жігіт келіп амандасып, тартып шығарды мәшинемді. Өзі қуанып, қуақыланып күліп жүрген сияқты. Содан: «Көке, сіз мені танымадыңыз ба?» – дейді. Расында танымадым.

– Мен баяғы «Пеленшеевпін» ғой. Маған «сенің мұрыныңнан трактормен сүйресе де адам болмайсың!» деп айтатын едіңіз. Міне адам болдым, көке. Адам болып қана қоймай, сіздің көлігіңізді сүйреп келем, – дейді. Шын қысылып қалдым. «Адам болмайды» дейтін оқушы болмайды екен, қарағым. Әркімнің өз несібесі, өз ырзығы болады».

Төрегелді ата! Нағашыеке! Сізбен мақтану керек, әлде сізді мақтау керек, білмеймін. Бірақ мен өзімді сіздің немереңіз болуымен қатар, шәкіртіңіз сезінемін. Немереге ата болу кез келгеннің қолынан келер. Бірақ ұстаз болу кез келген атаның қолынан келмесі анық!

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, ата! Жаныңыз пейіштің төрінде шалқығай!


**Құрметпен, немереңіз  
Досхан ЖЫЛҚЫБАЙ,  
жазушы,  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.**

## Құттықтау!

## Асыл әке, аяулы әке ардақтым!

Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты әкеміз Қалдыбиев Жарасты туған күнімен шын жүректен ыстық ықыласпен құттықтаймыз!

**Асыл әке, аяулы әке ардақты,  
Мінезі бар қарапайым салмақты.  
Сегіз қырлы, елге сыйлы азамат,  
Ел мақтаған нар әкеміз жан жақты.  
Ұл-қызыңның қызығын көр әкешім,  
Көпшіл, әрі жайдары ғой мінезің.  
Бар жақсылық өзіңізге арналар,  
Жүзге жетсін, тоқтамасын жүрегің!**—деген жүрежарды құттықтауымызды арнаймыз. Бала-шағасының, немере, шөберелерінің қызығын көріп, ақсақалды қария болуына тілектеспіз!



**Ізгі ниетпен: Жары Гуля, қыздары Мейрамгүл,  
Айжан, Меруерт.**

## Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согир-тио» деген латын сөзінен алып, анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымызда деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Бұл мәселе бойынша Сызған ауылдық округіндегі ардагерлер кеңесі, ауыл биі, кәсіби емес медиаторлар жұмыс жасауда. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

**Гүлдана ЖӘНІБЕКОВА,  
Созақ аудандық статистика басқармасының  
жетекші маманы.**

## Жарамсыз деп танылсын

Шохабаев Мухтар Алдашовичтің атына берілген келік жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

А

## Асқа шақыру

Ұзақ жылдар білім саласында қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан, отбасымыздың тірегі Төрегелді Жүнісбековтің бақилық болғанына қырық күн болды. Асқар таудай әкеміздің ортамыздан кетуі қабырғамызды қайыстырды. Амал не? Сұм ажалға не шара бар.

**Бәрімізге қорған едің қамалдай,  
Асыл едің, ақылшы едің, жағаң жай.**

**Есік жаққа қайта-қайта қараймыз,  
Біз өзіңді отырмыз ғой таба алмай.**

**Білім бердің шәкірттерге саналы,  
Сізді іздеп жаутаңдайды жанары.  
Туған жердің қайтып барады құстары,  
Өскен жерін қимай кетіп барады.**

**Жақсы сөзді ілестірдің ізіңнен,  
Қоштасстыңыз ең ақырғы күзіңмен.  
Еске аламыз әкеңің өзінді,  
Көздің жасын қайттем енді тізілген.**

**Өзіңе арнап ас береміз жиылып,  
Жанарлардан мөлдір тамшы құйылып.  
Күнде сізді келердейін күттеміз,**

**Орның қалды ойсыраған білініп,**—деп ардақты әкемізді сағынышпен еске алып, **28-қазан күні қонақасы, 29-қазан қырық күндік асы** Шолақорған ауылындағы өз шаңырағында өтетіндігін хабарлап, ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілерді, әкеміздің достарын құран ішінде болуға шақырамыз.

**Асқа шақырушылар: жұбайы Қадияша,  
ұл-қыздары, немерелері.**

## Хабарландыру

«Ақбастау «БК» АҚ «Түркістаноблысы, Созақ ауданы, Буденовское кенорнында №1,3,4 учаскелер бойынша 2023-2024 жылға геотехнологиялық полигонды кеңейту құрылысы».

Қоғамдық тыңдау 07.12.2023 ж. сағат 11.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бақырлы ауылы, Қаратау а/о әкімшілігінде өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін +7(771) 5510661 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Бастамашы: «Ақбастау «БК» АҚ, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 67.

Әзірлеуші: «KAZ Design&DevelopmentGroup LTD» ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(771) 5510661.

Хабарландыру және қызметке қатысты құжаттар сілтемемен осы сайттарда орналастырылған:

<https://ecoportal.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar/Contacts?lang=ru>

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - «Түркістан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат. Электрондық мекен жай: [aidarerkebai@yandex.kz](mailto:aidarerkebai@yandex.kz)

Жұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық түрде [Ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) сайтына жолдай алады.

## Объявления

АО «СП «Ақбастау» проводит общественные слушания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство расширения геотехнологического полигона на 2023-2024 годы по участкам №1,3,4 месторождения «Буденовское» в Созакском районе Туркестанской области».

Слушания состоятся 07.12.2023г. в 11.00 ч. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, с.Бақырлы, аппарат акима Каратауского с/о. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности обратиться по телефону +7(771) 5510661.

Инициатор: АО «СП «Ақбастау», Туркестанская область, Сузакский район, пос. Шолақорған, ул.ЖибекЖолы, здание 67.

Разработчик: ТОО «KAZ Design & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(771) 5510661.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайтах по ссылке: <https://ecoportal.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar/Contacts?lang=ru>

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области», г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20.Электронный адрес: [aidarerkebai@yandex.kz](mailto:aidarerkebai@yandex.kz).

Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу [Ecoportal.kz](https://ecoportal.kz).

## Қоғам дертімен күресейік!

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ескелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ырымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Мемлекет пен қоғам тығыз қарым-қатынаста болғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төтеп бере аламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс

істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеп өсіру керек.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық—бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық—бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

**Айнұр УТЕБАЕВА,  
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік  
кірістер басқармасының жетекші  
маманы.**

## Атмосфералық ауаның адам ағзасына тигізетін әсері

Қоршаған табиғи орта проблемаларының ішінде атмосфералық ауа проблемасы ерекше орын алады. Адам қызметінің нәтижесінде атмосфераға әртүрлі антропогендік заттардың көп мөлшері түседі, бұл ауа ортасының химиялық құрамының өзгеруіне әкеледі. Атмосфералық ауаның ластаруы адамдардың денсаулығына теріс әсерін тигізеді. Ластаған ауамен тыныс алған кезде өкпеде ауа алмасу жеткіліксіз болады, соның барлығы ағзада әртүрлі ауруларды туындатады.

Біздің денсаулығымыз көбінесе тыныс алуымызға байланысты. Адам ауаны ластайтын зиянды заттардың әсерін бірден сезе алмайды. Көміртегі тотығы немесе иіс газында дәмі де, түсі де, иісі де жоқ. Сонымен бірге біртіндеп гемоглобинде жиналып, көміртегі тотығы оттегінің қанға енуіне жол бермейді. Сонымен қатар, бұл заттың жоғары концентра-

циясы жүрек салына дейін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Жиі кездесетін азот оксидтерінің иісі мен түсі жоқ, өте улы. Бұл газ мұнай мен көмірді жағу кезінде көп мөлшерде шығарылады.

Қорғасын адамға тағы бір жағымсыз әсер етеді. Бұл зат атмосфераға негізінен бензин мен жұмыс істейтін қозғалтқыштарда жанармайдың толық жанбауы нәтижесінде түседі. Қорғасын денесінің біртіндеп жинақталуы жүйке бұзылыстарын, анемия мен соқырлықты тудырады. Қорғасынмен жедел улану гемоглобин синтезінің бұзылуына, бүйрек ауруларына әкеледі. Бензинді де, дизельді моторлардың да жұмысы кезінде көміртектен түзіледі. Бұл заттар шырышты қабықтың тітіркенуін тудырады және тыныс алуды қиындатады.

Адамдардың денсаулығына және санитарлық жағдайына әсер ететін факторлардың бірі—шаң. Шаңның көлемі әртүрлі

(ірі, орташа, майда) қатты заттардың қоспасы. Шаңның адам ағзасына әсері оның көлеміне байланысты болады. Ірі шаңдар мұрын қуысында және жоғары тыныс алу жолдарында ұсталып қалады. Орташа және майда шаңдар өкпенің терең жерлеріне жетеді де,оның ұлпасына теріс әсерін тигізеді. Шаңның және күлдің кішкене бөлшектерікезге түсіп,конъюнктивит және басқа да аурулар тудырады. Құрамында бос күйіндегі кремнийдің қос тотығы бар шаңдар өкпеде- силикоз ауруын тудыруы мүмкін.

**А.КУЛМЕНОВ,  
ҚР ДСМ СЗБК  
«ҰСО»ШЖҚ РМК  
Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі  
Л.ҚОСДАУЛЕТОВА,  
санитариялық-гигиеналық зертханасының зертханашысы.**

# Есірткіге еліту-теріс әрекеттер бастауы



Адам өмірі басты құндылық, бүгінгі тақырыпты біздің өмірімізге зиян келтіретін адамды өмірден өтуге дейін апаратын зиянды әрекеттер жайында болмақ. Адам өмірін түрлі қатерлерге тігетін адамның қызығушылығын бірден еліктіре алатын, адамның ден саулығына едәуір зиян келтіретін, психотроптық дәрілер жетерлік соның бірі бұл наша кокаин дейді біреулер. Бұл тақырыпты талдамас бұрын жалпы нашақорлық сөзін талдап көрсек.

Нашақорлық-наркомания есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру. Қазіргі таңда ең өзекті қоғамда түрлі сипатқа ие мәселелердің бірі бұл нашақорлық. Бұл індет, қоғамның барлық тұстарына ойсыратып зиянын тигізуде, өзіне еліктіріп алатын құрсауына түссең түбі өлімге апаруы мүмкін дүние. Нашақорлықпен күрес үшін әлем елдері қыруар қаржы жұмсалып нашақорлық бизнесіне қарсы іс-қимыл ағеттіктерін құрылған. Бірақ қазіргі таңда құрықтау мүмкін болмай отқан айлакерлердің көптігі, қоғамға адами құндылықтарға зиянын тигізуде. Біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстармен өзге елдерден қалыс қалып жатқан жоқ. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында бүгінгі таңда елімізде нарко дилерлерді қолға түсіру мақсатында түрлі операциялар өткізіліп арнайы тінту барысында осы саламен айналысатын көптеген азаматтар құрықталуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға күш беретін салалардың жұмысын күшейту басты назарда. Елімізде нашақорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жыл сайын жақсарып жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Қандай да бір қиындықты жеңу үшін бірінші ұзақ мерзімді жоспар құру керек, сол жоспардың орындалуын жете қадағаласа бұл індеттенде арылармыз анық.

Адамдықты ұмытып пайда көзін осындай лас әрекеттермен табатын азаматтар елдің, ескелең жас ұрпақтың келешегін ойласа, түбіне жетпейтін дүниенің соңына түсуді қойса, игі іс болар еді. Еліміздің

азаматтары бұл заттардың зиянын көрмесе болмашы бір мезеттік дүниелерге адами құндылықтарын жоғалтпаса деген ниеттеміз. Бұл ғасыр індетін жеңу үшін әр азаматымыз өзінен бастаса бұл заттарға елітіп кетпесе еліміз өркендейді.

Күн сайын әртүрлі химиялық құрамдарды пайдалану арқылы есірткінің жаңа жасанды түрлері психотроптық дәрі атауымен есірткі нарығында таралуда. Олардың кейбіреулерінің зияны бұрыннан танымал табиғи есірткілермен салыстырғанда күштілеу әрі көптеген мәселелер тудырады. Жасанды есірткіге тәуелді адамдарды емдеу де қиындау. Есірткі мафиялары «олар есірткі емес, қиындық тудырмайды» деген үгіттерімен адамдарды пайдалануға тартады.

Жыл сайын 26-шы маусымда дүниежүзінің әртүрлі елдері Есірткі және қылмыс жөніндегі БҰҰ Басқармасының ұранымен есірткімен күресу күнін атап өтеді. Осы күні есірткі саласындағы дағдарыстар туралы айтумен қатар әртүрлі елдердің осы саладағы мәселелерді шешу жолдарына да көңіл бөлінеді. Бұл күн есірткіні өндіру, тарату және пайдаланудың нәтижелері туралы еске салып, үкіметтерден осы үлкен қоғамдық мәселені шешуге шаралар қолдануды талап етеді.

Осы салада ағарту жолдары арқылы нашақорлықтың алдын алу, нашақорларды қоғамға қайтару жолындағы ақпарат құралдардың рөлі, есірткі өндіретін заңсыз егістіктерді жою, есірткі контрабандасымен айналысатын арналарды залалсыздандыру, елдердің нашақорлық пен есірткі контрабандасымен күресу саласындағы әріптестіктері сынды жобалар әртүрлі елдерде талқыланып, іске асырылады. Бірақ, өкінішке орай, әртүрлі қоғамдағы адамдардың есірткіге құмар болуы мен олардан туындайтын зардаптар мәдени құндылықтар мен ахлақтың құлдырауы, қоғамдық қылмыстардың өрістеуіне себеп болуда.

Жасанды есірткіге тәуелді адамдарды емдеу де қиындау. Есірткі мафиялары «олар есірткі емес, қиындық тудырмайды» деген

үгіттерімен адамдарды пайдалануға тартады.

Статистикаға сәйкес есірткі әлем бойынша жыл сайын 250 мың адамның өліміне себеп болып отыр. Осы мәселенің экономикалық нәтижелерге теріс әсер етуімен қатар қоғамның психикалық саулығын шынайы қатерге тіреуде. Есірткіге тәуелді адамдардың санының көбеюі есірткі саудасымен айналысатындар үшін пайдалы. Заңсыз есірткі нарығының пайдасы тоқтамай, есірткі түрлерінің кеңейіп, нашақорлар санының көбеюімен бетпе-бет келеміз. Нашақорлар кобейсе соған сәйкес еліміздегі отбасылар да бұзылары рас.

Отбасы-ынтымақтың, ізгіліктің, махаббаттың, жылулықтың, тазалықтың Отаны. Отбасының негізгі ұйытқысы, алтын діңгегі— әке мен ана. Діңгегі мықты отбасы ғана адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі болмақ. Бұл мектептің адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. «Ел болам десең, бесіңді түзе» — деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын нақтылап тұрғандай. Ата-ананың балаға деген риясы махаббатының өзі неге тұрады десеңізші?! Алайда, осы шексіз берілген «махаббаттың» өзі баласын тура жолдан тайдырып, жерға жығып жатқандығы өмірден көрініс табады. Ол туралы көріп те жүрміз, естіп те жүрміз. Есірткіге еліріп, өмірін өскіппен өткізген жандардың өмірі өкшелей басып келе жатқан жасөспірім балаларға сабақ болары сөзсіз.

Қоғамды жасайтын адам деп аласақ, адам қандай болмақ керек? Денсаулығы мықты, әлеуеті жоғары адам ғана өзіне жайлы қоғамды жасайды. Олардың мұраты —тәні мен жаны сау адамдардың ынтымағына негізделген қоғамда өмір сүру. Салауатты өмір сүру дегеніміз не дейтін болсақ, ол—әлеуметтік өмірді жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау және нығайту. Ал зиянды әрекеттер дегеніміз, қазіргі таңда етек алған, заманымыздың кеселді дерттері

шылым шегу, маскүнемдік, нашақорлық. Алайда, ата-бабаның мұратын жүзеге асыратын кейбір жастар нашақордың соңынан еріп барады. Ол— айқын жол емес, тұманды жол. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң»—деп, дана халқымыз айтқандай, өз қатесін түзетіп, ортамызға оралса, олардың кеудесінен ешкім итермесі анық.

Болашақ балаларымыздың өмірі үшін алаңдаймын. Күні-түні балаларыма қандай тәрбие беріп жатырмын деп ойланамын. Алаңдайтын себебім, бүгінгі күні нашақорлықтың жасөспірімдер арасында кеңінен етек алуы. Желкілдеп өсіп келе жатқан жас балапанымыздың ұясынан адаспай, өмірінің мәнін, отбасының қадірін түсінетіндей адам болып қалыптасса екен деген ой мені жиі мазалайды. Есірткінің соңы кісі өлімі мен зорлық-зомбылық жасауға соқтырады деп балаларыма жиі айтып отырамын. Біз отбасымызбен денсаулықты қолдаймыз. Салауатты өмір салтын ұстанамыз. Жастарға қарап денсаулықтың маңыздылығы соншалықты қадірсіз болғанына налимін, әрі жаным ауырады.

Үлкен қала емес, кішкентай біздің ауылда есірткі пайдаланатын адамдар бар екені сөздің шыны. Алайда олармен полиция қызметкерлерінің жұмыс жасап отырғаны көңіл қуантарлық дүние. Медицина қызметкерлерін мектеп оқушыларымен кездестіріп, есірткінің зиян екенін, оған еліткен адамның қайта дұрыс адам болуы екіталай екенін түсіндіріп, нашақорлық дертінен аулақ болудың маңыздылығын айта келіп, жастарға жол көрсетулері үлкен адамгершілік деп білемін.

Әр отбасының өзіндік әдет-ғұрпы, салт-санасы бар. Рухани құндылығы бай отбасынан қоғамға қажет тұлғалар қалыптасады. «Мен қарнымның ашқанынан қорықпаймын, қадірімнің қашқанынан қорқамын» деген сөздің төркінін түсіндірмесемде болады. Отбасымызда қадірімізді қашырмай, өз орнымызды білсек, біз тәрбиелеген балалар келешектің тұтқасы болары анық. Бізді ақшамызбен, не болмаса дәулетімізбен бағаламайды, бізді өсірген баламыздың тәрбиесімен бағалайды. Сондықтан баламыздың тағдырын сол жақтағы жүрегімізбен ойлайық, ол әр кез оң шешімін береді.

Есірткімен күресу әлемдік күнінің келесі жобасы — есірткімен күресу мәселесіне қатысты көрме ұйымдастыру болып табылады.

Осындай күрес әлемдегі есірткінің толық жойылуын жақындатуы мүмкін деген оймен іске асырылуда. Әрине, есірткі және нашақорлықпен күресу үшін әлемдік қауымдастықтың бір ауыздан шаралар қолдануын қажет етеді. Егер барлық елдер бірігіп, күреске көтерілсе жеңіске жетуге болады.

Ауданымызда нашақорлықпен күрес бағытында іс-шаралар жоспары бекітіліп, сол шара бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту мақсатында көптеген игі бастамаларға ұйытқы болуда.

**Жандос НАРҚОЗЫҰЛЫ,**  
аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3500 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.